АТҚАРУ КОМИТЕТІ **ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ**

ҚАУЛЫ **ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

09.12.2021ж. **№ 144-т.**

Кәсіподақтың облыстық, аумақтық кәсіподақ ұйымдарының кәсіподақ мүшелері - қызметкерлердің және қызметкерлер балаларының 2021 жылғы жазғы демалысын ұйымдастыру жөніндегі жұмыс қорытындысы туралы

Кәсіподақ төрайымының орынбасары Ә.Әбиеваның ақпаратын тыңдап және талқылай отырып, салалық кәсіподақтың Атқару комитеті, мүшелік ұйымдардың қызметіндегінегізгі бағыттардың бірі қызметкерлерді әлеуметтік қорғау саласындағы жұмыстың маңызды және құрамдас бөлшегі ретінде жаз мерзіміндегі қызметкерлер мен олардың балаларының демалысын ұйымдастыру мәселелері болып табылатынын атап өтті.

2021 жылы барлығы жазғы демалыспен 29526 қызметкер және 4173 бала қамтылды, бұл 2020 жылмен салыстырғанда айтарлықтай көп. Демалыспен және сауықтырылумен қамтамасыз етілген қызметкерлердің көп саны Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Ақмола, Қызылорда, Ақтөбе облыстарының, ал қызметкерлер балаларының көп саны – Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Ақмола облыстарының кәсіподақ ұйымдарына тиесілі.

Барлығы жазғы демалысты ұйымдастыруға 820 млн. 918 мың теңге бағытталса, оның ішінде 782 млн. 094 мың теңге – қызметкерлер демалысына және 38 млн 823 мың теңге – балалар демалысына жұмсалды. Мәліметтер көрсетіп отырғандай, жазғы демалысқа қаражаттың көп бөлігі аудандық және қалалық ұйымдар бюджетінен бөлінді. Сауықтырылған қызметкерлердің жалпы санынан 5026 қызметкер немесе 17% Қазақстанның Кәсіподақтар федерациясының шипажайларында демалды.

Сонымен қатар, жазғы демалысты ұйымдастыру жөніндегі жұмыста кемшіліктер де кездесті: 2021 жылы Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қостанай, Маңғыстау, Түркістан облыстық ұйымдары, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қ. «Әділет» кәсіподақ ұйымы, Алматы қалалық ұйымы және Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы білім саласы қызметкерлерінің бірде бір баласын сауықтыруға жібермеген. Кәсіподақ қаражаты есебінен Атырау облыстық кәсіподақ ұйымы 1 баланы ғана сауықтыруға жіберген.

Мүшелік ұйымдарғакәсіподақтың Салалық кеңесіне қызметкерлер мен балалардың демалысы мен сауығуын ұйымдастырудағы болымды жұмыс тәжірибесін, сондай-ақ проблемалар мен шешілмеген мәселелерді көрсете

отырып, неғұрлым нақты ақпарат ұсыну қажеттігіне назар аударту қажет. Көптеген облыстық, аумақтық ұйымдар кесте материалдарында көрсетілген сандық деректермен шектеліп қалады.

Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәсіподақ төрайымының орынбасары Ә.Әбиеваның облыстық, аумақтық кәсіподақ ұйымдарының кәсіподақ мүшелері-қызметкерлердің және қызметкерлер балаларының 2021 жылғы жазғы демалысын ұйымдастыру жөніндегі жұмысы туралы ақпарат назарға алынсын (тіркеледі).

2. Салалық кәсіподақтың мүшелік ұйымдары басшыларының назарын қызметкерлер мен балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру жөніндегі мақсатты бағытталған және сапалы жұмыс жүргізу қажеттігіне аудара отырып, қызметкерлер балаларын сауықтыру және демалыспен барынша қамтамасыз ету шараларын қабылдап, кәсіподақтың салалық кеңесіне сапалы және нақты ақпарат дайындап, ұсыну қамтамасыз етілсін.

3. Салалық кәсіподақтың мүшелік ұйымдарына кәсіподақ ұйымдарының жұмысында қолдану үшін қызметкерлер мен балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру жөніндегі ақпарат жіберілсін, қорытындысы алқалы органдар отырысында қаралсын.

4. Салалық кәсіподақтың мүшелік ұйымдарына:

- қызметкерлердің балаларын сауықтыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру кезінде кәсіподақ қаражаты есебінен аз қамтылған отбасы балаларын шипажайларға және демалыс үйлеріне тегін немесе жеңілдікпен жолдамалармен қамтамасыз ету үшін есеп жүргізілсін;

- сала қызметкерлерін әлеуметтік қорғау жөніндегі жұмысты күшейту мақсатында жұмыс берушілермен ұжымдық шарттар және келісімдер жасалып орындалсын, білім және ғылым ұйымдары мен мекемелері қаражаты есебінен қызметкерлер мен балаларды сауықтыру мәселелері қаралсын.

5. Кәсіподақ басшылығына (Мұқашева А.М., Беженаров В.Ф., Әбиева Ә.Ә.) 2022 жылғы 15 қаңтарға дейін №9 нысаны бойынша түсініктеме хат пен кестенің құрылым-нұсқасын әзірлеу тапсырылсын.

6.Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрайымының орынбасары Ә.Әбиеваға жүктелсін.

Төрайым **А. Мұқашева**